

**«Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ
білім алушыларды кәсіптік тәжірибеден өткізу туралы
ЕКІЖАҚТЫ КЕЛІСІМШАРТ № 1**

Астана қ.

« 04 » 02 20__ ж.

«Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ бұдан әрі «Университет» Жарғы негізінде әрекет ететін Президент **Құлажанов Ериур Талғатұлы** бір тараптан, және

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2020 жылғы 3 желтоқсандағы №60 бұйрығымен бекітілген Жарғы негізінде әрекет ететін бұдан әрі «Кәсіпорын» деп аталатын «Нұра ауданының төтенше жағдайлар бөлімі» РММ екінші тараптан, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына» сәйкес білім алушыларды кәсіптік тәжірибеден өткізуге арналған Келісімшарт (бұдан әрі-Келісімшарт) келесі мәселелер бойынша жасалды:

1. Келісімшарттың пәні

- 1.1. Университет 2023 жылы «6В11230 Тіршілік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау» білім беру бағдарламасы бойынша _____ мамандығына (біліктілік) оқуға түскен Білім алушыларды оқытуды жүзеге асырады.
- 1.2. Кәсіпорын Білім алушыларды білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес кәсіптік тәжірибе базасымен қамтамасыз етеді.
- 1.3. Білім алушылар өндірістік қызметтер мен міндеттерді біліктілікпен орындауға мүмкіндік беретін негізгі және кәсіби құзыреттерді алу мақсатында білім беру бағдарламасын меңгереді.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2.1. Университет міндеттеледі:

2.1.1. «6В11230 Тіршілік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау» білім беру нысанында _____ мамандығы бойынша

(мамандықтың атауы және коды)

- оқып жатқан Білім алушыларды академиялық күнтізбеге сәйкес *әзірленіп, берілетін* тәжірибеден өту үшін кәсіпорынға жіберуге;
- 2.1.2. білім алушылар Келісімшартта көрсетілген міндеттерімен және жауапкершіліктерімен таныстыруға;
 - 2.1.3. кәсіптік тәжірибе бағдарламасын және кәсіптік тәжірибеден өтудің күнтізбелік кестелерін Кәсіпорынмен бірге әзірлеуге және келісуге;
 - 2.1.4. білім алушылардың саны көрсетілген кәсіптік тәжірибеден өту бағдарламасын, күнтізбелік кестелерін кәсіптік тәжірибе басталғанға дейін екі апта бұрын Кәсіпорынға келісу үшін беруге;
 - 2.1.5. университет бұйрығымен тиісті мамандықтардың оқытушылары арасынан тәжірибе жетекшілерін тағайындауға;
 - 2.1.6. білім алушылар Кәсіпорынның қызметкерлеріне арналған міндетті еңбек тәртібін, ішкі тәртіп ережелерін сақтауын қамтамасыз етуге;
 - 2.1.7. білім беру бағдарламасы мен академиялық күнтізбеге сәйкес Білім алушылар кәсіптік тәжірибеден өтуін ұйымдастыруға және мерзімдік бақылауды жүзеге асыруға;
 - 2.1.8. Кәсіпорын қызметкерлеріне кәсіптік тәжірибені ұйымдастыру мен өткізуге әдістемелік көмек көрсетуге;
 - 2.1.9. қажет болған жағдайда Кәсіпорынға Білім алушылардың оқу жетістіктері туралы мәлімет беруге;
 - 2.1.10. тәжірибеден өту кезінде Білім алушылардың қатысуымен жазатайым оқиғалар болған жағдайда оны тергеп-тексеруге қатысуға;
 - 2.1.11. Университет таратылған немесе білім беру қызметі тоқтатылған жағдайда Кәсіпорынды хабардар етіп, Білім алушылардың оқуын жалғастыру үшін басқа жоғары оқу орнына ауыстыру шараларын қабылдауға;
 - 2.1.12. тәжірибе базасы тұрғылықты жерінен алыс орналасқан жағдайда Білім алушыларды қажетті тұрғын үй-тұрмыстық және басқа да жағдайларды ұсыну мүмкіндігін қарастыруға міндеттенеді.

2.2. Университет құқылы:

2.2.1. Білім алушылар оқуды өз еркімен тоқтатқанда, қайта оқу жылына қалдырылғанда, Университеттің ішкі нормативтік құжаттары (бұдан әрі-ІНҚ), сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте оқудан шығарылған жағдайда Келісімшартты біржақты тәртіпте бұзуға.

2.3. Кәсіпорын міндеттеледі:

2.3.1. жұмыс орнында Білім алушыларға қауіпсіз жұмыс жағдайын қамтамасыз етуге (қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау бойынша міндетті нұсқамаларды өткізуге) және қажет болған жағдайда Білім алушыларға қауіпсіз еңбек әдістерін оқытуға;

2.3.2. тиісті бос орын болған жағдайда алған мамандығына сәйкес жұмысқа қабылдау үшін білім беру гранты бойынша оқыған бітірушілердің кандидатурасын қарастыруға;

2.3.3. университетке академиялық күнтізбеге сәйкес, Білім алушылар кәсіптік тәжірибеден өткізу үшін жұмыс орындарына ұсынуға;

2.3.4. келісімшарттың талаптарына сәйкес тиісті мамандықтар бойынша кәсіптік тәжірибеге жіберілген Білім алушыларды қабылдауға;

2.3.5. білім алушылар тәжірибе бағдарламасында көзделмеген және мамандығына қатысы жоқ лауазымдарда пайдалануға жол бермеуге;

2.3.6. бөлімшелерде (бөлімдерде, цехтарда, зертханаларда және т.б.) білім алушылар кәсіби тәжірибесіне басшылық ету үшін білікті мамандарды ұсынуды қамтамасыз етуге;

2.3.7. білім алушылар еңбек тәртібін және Кәсіпорынның ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны туралы барлық жағдайды жоғары оқу орнына хабарлауға;

2.3.8. кәсіптік тәжірибе бағдарламасын табысты игеруі және жеке тапсырмаларын орындауы үшін Білім алушыларға қажетті зертханаларды, кабинеттерді, шеберханаларды, кітапхананы, сызбаларды, техникалық және басқа да құжаттарды пайдалану мүмкіндігін бере отырып, жұмыс орындарында кәсіптік тәжірибе бағдарламасын орындау үшін қажетті жағдайлар жасауға;

2.3.9. кәсіптік тәжірибе аяқталғаннан кейін Білім алушылардың жұмысы туралы мінездеме және тәжірибеден өту сапасына баға беруге.

2.4. Кәсіпорын құқылы:

2.4.1. кәсіптік тәжірибенің жаңа технологияларға және өндірістік процестің өзгерген жағдайларына сәйкес білім беру бағдарламасын әзірлеуге қатысуға;

2.4.2. Кәсіпорынның қажеттіліктеріне сәйкес курстық және дипломдық жұмыс тақырыптарын ұсынуға;

2.4.3. Білім алушылардың қорытынды аттестаттауына қатысуға;

2.5. Білім алушылар міндеттеледі:

2.5.1. кәсіпорын қызметкерлері үшін міндетті еңбек тәртібін, ішкі тәртіп ережелерін, қауіпсіздік техникасы ережелерін және кәсіби тәжірибе орнында өндірістік тәртіпті сақтауға;

2.5.2. кәсіпорынның жабдықтарына, аспаптарына, құжаттамаларына және басқа да мүлкіне ұқыпты қарауға;

2.5.3. тәжірибе бағдарламасының талаптарын қатаң сақтауға және орындауға;

2.5.4. тәжірибеден өту үшін белгіленген мерзімде Кәсіпорынның қарамағына келуге;

2.5.5. тәжірибеден өту барысында және ол аяқталғаннан кейін Кәсіпорын туралы құпия ақпаратты жария етпеуге.

2.6. Білім алушылар құқылы:

2.6.1. кәсіпорыннан тағайындалған тәлімгердің келісімі бойынша қажетті құралдарды, жабдықтарды, аспаптарды және басқа да өндірістік материалдарды пайдалануға, кітапхана және оқу залдары базасында оқу, оқу-әдістемелік әдебиеттер қорын, зертханалық базаны, компьютерлік және басқа да техниканы оқу мақсатында пайдалануға және еркін қол жеткізуге;

2.6.2. кәсіптік даярлықтан өту процесінде денсаулыққа келтірілген зиянның өтелетіндігіне;

2.6.3. кәсіби даярлықты аяқтағаннан және қорытынды аттестаттаудан сәтті өткеннен кейін бос жұмыс орны болған жағдайда Кәсіпорында алған біліктілік бойынша жұмысты жалғастыруға құқылы.

3. Тараптардың жауапкершілігі

3.1. Келісімшартта көзделген өз міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін «Тараптар» Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген жауапкершілікте болады.

4. Дауларды шешу тәртібі

4.1. Келісімшартты орындау процесінде туындайтын келіспеушіліктер мен дауларды «Тараптар» өзара қолайлы шешімдер әзірлеу мақсатында тікелей шешеді.

4.2. «Тараптардың» келіссөздер, өзара қолайлы шешімдер әзірлеу жолымен шешілмеген мәселелері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

5. Келісімшарттың қолданылу мерзімі, талаптарын өзгерту тәртібі және оны бұзу

5.1. Келісімшарт «Тараптар» қол қойған күннен бастап күшіне енеді, кәсіптік тәжірибеден өту мерзімі 2025 ж. «20» қаңтар мен 2025 «25» сәуір аралықты қамтиды және толық орындалғанға дейін әрекет етеді.

5.2. Келісімшарттың талаптары «Тараптардың» өзара жазбаша келісімі бойынша өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін.

6. Тараптардың заңды мекенжайлары:

Университет	Кәсіпорын
«Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ БИН: 030240001575 БИК: KSNVKZKA Банк: АО «Фридом Банк Казахстан» Счет: KZ68551Z227008936KZT Заңды мекенжайы: Астана қ., Қ.Мұхамедханов к., 37А ғ., тел.: +7(7172)72-58-12 Email: akutb@mail.ru	«Нұра ауданының төтенше жағдайлар бөлімі» РММ БИН: 081140012529, Заңды мекенжайы: Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Нұра кенті, Жауынгер- интернационалистер к. 30 ғ. тел.: +7(72144) 2-11-56 Email: och_nurin_karg@emer.kz
<p>Президент</p>  <p>Е.Құлажанов</p> 	<p>Бастық</p>  <p>Б.Исаев</p> 